


Картографиялық әдіс

- **Картография** – географиялық карталар, оларды жасау және пайдалану туралы ғылым.
- картография табиғат пен қоғам құбылыстарының үйлесуі мен өзара байланысуын, олардың кеңістіктегі орналасуын және уақыт бойынша өзгеруін, т. б. картографиялық кескіндеудің (бейнелеудің) көмегімен зерттейтін ғылым. комитеттың ұғымдарға – аспан денелері мен жұлдызды аспанның карталары, глобустар мен жер бедері карталары, картографиялық белгілермен берілген кеңістік модельдері (ұлғілері) жатады





Картография- географиялық карталар, оларды жасау және пайдалану туралы ғылым.

Картография табиғат пен қоғам құбылыстарының үйлесуі мен өзара байланыссын, олардың кеңістікте орналасын және уақыт бойынша өзгеруін, т.б. картографиялық кескіндеудің (бейнелеудің) көмегімен зерттейтіен ғылым.

Картографиялық ұғымдарға аспан денелері мен жұлдызды аспанның карталары, глобустар мен жер бедері карталары, картографиялық белгілермен белгіленген кеңістік модельдері (ұлгілері) жатады.





Картографиялық әдіс-бұл
әдістің таным білімінің кеңдігі
соншалық тарихи географиялық
және салыстырмалы
географиялық әдіспен пара-пар
тіпті тең деп айтсақ болады.



Картография – географиялық карталар, оларды жасау және пайдалану туралы ғылым.

Картография табиғат пен қоғам құбылыштарының үйлесуі мен өзара байланысуын, олардың қеңістіктең орналасуын және уақыт бойынша өзгеруін, т. б. картографиялық кескіндеудің (бейнелеудің) көмегімен зерттейтін ғылым. комитетың ұйымдарға – аспан денелері мен жұлдызды аспанның карталары, глобустар мен жер бедері карталары, картографиялық белгілермен берілген қеңістік модельдері (ұлгілері) жатады.



Картография – табиғат пен қоғамның құбылыстарын географиялық карта мен басқа да картографиялық өнімдерді кескіндеу және оларды құрастыру, пайдалану әдістерін зерттейтін ғылым. Эрбір географиялық картаның өзіндік атқаратын қызметі болады. Оны білім мен ғндірістің белгілі бір салаларындағы мамандар, туристік-танымдық жорық жетекшілері, оқушылар білім мен маңызды ақпарат көзі ретінде қолданады.




Картаны құрастырушылар кескіндейтін аумақты терең зерттеп, оқып үйренген сайын сол аумақта орналасқан нысандар мен құбылыстардың ерекшеліктерін айқындаپ, ашып көрсетеді. Картография құрылымы жағынан қүрделі пәндер жүйесін құрайды, оның маңызды құрамды боліктеріне – картатану, картографиялық ақпараттану, математикалық картография мен картометрия, сондай-ақ картаны жобалау мен құрастыру, безендіру, жасау және пайдалану әдіstemесі кіреді.

Карталардың көмегімен ғылыми-зерттеу жұмыстарын, қоршаған ортаны көрғау мен қалпына келтіру іс-шараларын, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды жобалайды. Кarta әскери әмбидженттерде қолданылады, әрі ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде де маңызға ие. Картографиялау үдерісінің өзінде де карталар жаңа өнім жасаудың негізі мен бастауы болып табылады. Картографияның міндеті ретінде осыған дейін тек картаны құрастыру қарастырылып келсе, XX ғасырдың ортасынан бастап, оны пайдалану маңыздылыққа ие болып отыр. Мемлекеттік стандарттар мен энциклопедиялық басылымдарда, оқулықтар мен сөздіктерде «Картография – карта жасау мен пайдаланудың өндірісі мен ғылыми саласы», -деген ұғыммен түсіндіріледі. Ғылым мен тәжірибеде картографиялық зерттеу әдістері алуан түрлі. Ол көптеген теориялық ізденістердің ажырамас болігі. Тіпті карталар Жер мен қоғам туралы ілімдердің тірек негізіне айналып үлгерді. Картографиялық әдістер физикалық география, геология, геофизика, әлеуметтану, экономика және тарих ғылымдарында кеңінен қолданыс табуда.



Карталардың таным күралы ретінде пайдалану жана экология, медициналық география, салыстырмалы ғаламтаңу (планетология) тәрізді ғылым салалаларының дамуына мүмкіндік берді. Картографиялық әдістер халық шаруашылығының нысандарын жобалау-жоспарлау жұмыстарына қатысты маңызды шешім шығаруда, аумақтық-өндірістік кешенді дамытуда, табиғатты қорғауда қызмет етуде.





Картографиялық зерттеу әдістерін қолданушы маман картограф картаны еркін «окуға», құрастыру ұстанымдары мен бейнелеу және әзірлеу технологияларының тәсілдерін білуге міндетті. Сонымен қатар, ол модель түрінде карта бетіндегі бар дүниені ұсына білуі әрі осы туралы ақпарат берे білуі тиіс. Ең маңыздысы, картограф өнімін тұтынушының картаны пайдалана отырып, картографиялық бейнені өндеде қолданған амалдардан адаспай, жақсы бағдар алуы, оның мүмкіншіліктері мен шектерін айыра білуі, картадан алынған мәліметтердің сенімлілігіне қатысты түсінігінің болуы тиіс.



Картатану – географиялық карта мен оның түрлері, қасиеті мен элементтері, даму тарихы пайдалану әдістемелерін зерттейді. Математикалық картография – жер беті мен тынышдағы аспан деңелерін жазықтықта кескіндеудің математикалық әдістерін зерттейді. Картографиялық ақпараттану – картаны жүйелеу және оларды талдау, бағалау, сақтау тарату мәселелерін қарастырады. Картометрия – картадағы әр түрлі географиялық нысандардың сандық сипатының мазмұнын айқындайтын картографияның құрамас болігі. Картаны безендіру – картаны көркем және графiktік безендірудің әдістері мен құралдарын жасап, оны басып шығаруға әзірлеуді оқып үйретеді.



Күрт отрядынан таңылған жаңынан анықталған пәндердегі көзделешілдегі орталықтардың міндеттерінен салынған.



Картографияның басқа ғылымдармен байланысы өте кең. Мәселен, қоғамдық ғылымдар ішінде, тарих, экономикалық география, жаратылыштану ғылымдарының ішінде, физикалық география, ландшафттану, геология, климатология, топырақтану, есімдіктану, жануартану салаларымен байланысты. Астрономиялық, геодезиялық өлшеу жұмыстарының нәтижесінде картография жердің пішін мен мөлшері, ауданы, белгілі бір нүктенің географиялық орны туралы ақпаратты мүмкіндігіне ие болды.



Картографияның міндеті – халықты шаруашылық пен мәдени қажеттілігін өтейтін заман талабына сай, сапасы жоғары географиялық карталар мен атластар, глобустар және басқа да картографиялық өнімдермен қамтамасыз ету.



Географиялық карталар еліміздің аумағын қамтый, табиғатын қайта тұлетіп, шаруашылықты дамытуға қажетті ақнараттар сақтаған қуатты құрал болып табылады.



Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Шет тілінде
Картография (<i>гр. Chartes</i> – папирус қағазы, <i>grapho</i> – жазу, бейнелеу)	Картография	Cartography
Планетология (<i>гр. Planeta</i> – аспан денесі, <i>logos</i> – ғылым)	Планетология	Planetology
Атлас (<i>гр. Atlas</i> – географиялық карталардың жиынтығы)	Атлас	Atlas
Глобус (<i>лат. Globus</i> – шар)	Глобус	Globe
Модель (<i>лат. Modulus</i> – өлшем, аналог, үлгі)	Модель	Model
Топографиялық карта (<i>гр. Topos</i> – орын, <i>grapho</i> – жазу, бейнелеу)	Топографическая карта	Topographic map